

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының №1 хаттамасы

06 қыркүйек 2023 жыл

Катысқандар: 20

Күн тәртібінде

Педагогикалық этика мен Кеңесті құру туралы ережені қарau және бекіту.

Жауапты: Сергазинова Г.Т.

2) Мұғалімнің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті.

Жауапты: Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің төрағасы

3) Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті.

Жауапты: ДТІЖО Шайхудинова А.С. сөз сөйлемеді.

I мәселе бойынша мектеп директоры Сергазинова Г.Т. сөз сөйлемеді

Педагогикалық әдеп және кеңесті құру туралы ережемен таныстырып өтейін. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес білім беру үйымдарында педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелерін қарайтын алқалы орган болып табылады. Кеңес өз қызметін «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» КР заңдарына, осы қағидаларға, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділдік, әдептілік, қоғамдық пікір мен жариялышты есепке алу қағидаттарын басшылыққа алады. Кеңестің негізгі міндеттері: білім беру үйымдарында педагогикалық әдепті сақтауды қамтамасыз ету; педагогикалық әдепті бұзуға ықпал еткен себептер мен жағдайларды талдау; педагогтердің тәртіптік жауапкершілігі туралы мәселені дұрыс қарau үшін қажетті және жеткілікті мән – жайларды жан – жақты, толық және объективті зерттеу болып табылады. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің құрамы әр 3 жылда сайлану керек. Биылғы оқу жылынан бастап жаңадан кеңес құрамын сайлау керек.

Сайлау барысында Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің құрамы бекітілді:

- Секурова А.Т. – тарих пәнінің мұғалімі, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің төрағызы
- 2) Абжиков С.Е. – аудандық білім бөлімінің әдіскері
- 3) Байқалған Е. – кәсіподак үйымының төрағасы
- 4) Бузабекова Г.М. – құрметті демалысқа шыққан ұстаз
- 5) Сактаганова Р.Ж. - құрметті демалысқа шыққан ұстаз
- 6) Амиржанова Ү.А. – мектепалды даярлық тобының тәрбиешісі
- 7) Копабаева Д.И. – орыс тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі

II мәселе бойынша педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің төрайымы Секуова А.Т. сөз сөйледі.

Педагог өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбетіне баса назар аудару керек. Ұстаз киіміндегі құптауға лайық түстер ақ пен қара түстер болып есептеледі. Сонымен қатар, ақ сары, қошқыл көк, қоңыр, сұр түстерді де қолдануға болады. Педагог мамандығына сай талғаммен киініп, ұқыпты келбетімен үлгі бола отырып, ішкі жан – дүниесінің көркемдігімен, шәкірт жаңын ұғына алар кеңпейіл мінезімен көрінуі керек.

III мәселе бойынша ДТІЖО Шайхудинова А.С. сөз сөйледі. Ұстаз ата – аналармен, балалармен және әріптермен әңгімелесу кезінде педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндетті. Ұстаз әхтикасы – педагог пен бала, ата – ана мен педагог арасындағы қарым – қатынас. Педагогикалық этика – ұжым ішінде, педагогтар арасында басталып, өзінің заңды жалғасын топтарда табуы тиіс.

Кеңес шешімі:

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспары құрылышын бекітілсін

Педагог өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті назарға алынын

Педагогтер педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтасын

Кеңес төрайымы:  Секуова А.Т.

Хатшы:  Шайхудинова А.С.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының №2 хаттамасы

10 қараша 2023 жыл

Катысқандар: педагогикалық әдеп кеңесінің мүшелері

Күн тәртібінде

- 1) Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау. Жаупты: педагогикалық әдеп кеңесінің төрайымы Секуова А.Т.
- 2) Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті. Жаупты: кеңес мүшесі Копабаева Д.И.

I мәселе бойынша педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің төрайымы Секуова А.Т. сөз сөйлемді.

- Өзінің жеке суреттерін әлеуметтік желіге жариялаған кезде ұстаз деген атына лайық суреттер жариялау тиіс деп ойлаймын. Көпшілік алдына шыққанда да ұстаз екенін ұмытпау керек. Қазір әлеуметтік желіде көріп жүрсіздер, бейәдеп суреттер мен видеоларда жас мамандар кездесіп қалып жатады. Сондай әдеттерден аулақ болған жөн. Педагог өзінің кәсіби назарындағы объектілер болып табылатын оқушының ата – ананын, адамдардыңabyройы мен қадір – қасиетін құрметтейді, олармен қарым – қатынас жасауда өнегелі. Ол баланың дамуын шынымен қалап, оған әрқашан көмектесуге дайын екендігін білдіріп, білім алушының жетістігін бағалауда әдептілік таныту қажет.

II мәселе бойынша кеңесі мүшесі Копабаева Д.И. сөз сөйлемді

Тұлғаның қалыптасуына, берілген білімді жақсы меңгеруіне педагогтың әдістемеден хабарының болуы, білімділігі, біліктілігі ғана емес бар білімді тиісті деңгейде жеткізе алуы ең маңызды қатынас құралы тілге байланысты екендігі даусыз. Сөйлеу мәдениетін игеру – болашақ педагог мамандардың кәсіби құзыреттілігі. Бұл жерде тілдік қатынас жасауға қол жеткізетін тілдік құралдарды тиімді пайдалана білу мағынасын қамтиды.

Кеңес шешімі:

- 1) Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау назарға алынын.
- 2) Ұстаздар арсында педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениетін өз бетінше жетілдіру

Кеңес төрайымы:  Секуова А.Т.

Хатшы:  Шайххудинова А.С.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының №3 хаттамасы

23 қаңтар 2024 жыл

Катысқандар: педагогикалық әдеп кеңесінің мүшелері

Күн тәртібінде

- 1) Педагогтардың құқықтары. Жауапты: кәсіподақ ұйымының төрағасы Е.Байқалған
- 2) Мектептегі педагогикалық әдепті сақтау. Жауапты: педагогикалық әдеп кеңесінің төрайымы Секуова А.Т.

I мәселе бойынша кәсіподақ ұйымының төрағасы Е.Байқалған сез сөйледі.

- 7-бап. Педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезіндегі құқықтары
- 1. Кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезінде педагогтің:
 - 1) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған кезде кәсіптік қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға;
 - 2) лауазымды адамдар және басқа да тұлғалар тарапынан заңсыз араласудан және кедергі келтіруден қорғалуға;
 - 3) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-анасы немесе өзге де занды өкілдері тарапынан кәсібіне құрметпен қаралуына және тиісінше міnez-құлық көрсетілуіне;
 - 4) кәсіптік қызметін жүзеге асыру үшін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуге және қажетті жағдайлардың жасалуына;
 - 5) ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыруға, педагогтік практикаға жана әдістемелер мен технологияларды енгізуғе;
 - 6) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған кезде шығармашылық бастамаға, оқыту мен тәрбиелеудің авторлық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеуге және қолдануға, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, неғұрлым жетілдірілген әдістерін дамытуға және таратуға;
 - 7) білім беру бағдарламасына сәйкес оқыту мен тәрбиелеудің оқу құралдарын, материалдарын және өзге де құралдарын таңдауға;
 - 8) білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарларын, білім беру қызметінің әдістемелік материалдары мен өзге де құрауыштарын, сондай-ақ окулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу құралдарын әзірлеуге қатысуға;
 - 9) жұмыс орны бойынша сайланбалы лауазымға сайлануға және оны атқаруға;
 - 10) білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған, оның ішінде білім беру ұйымының қызметіне катысты мәселелерді талқылауға қатысуға;
 - 11) білім беру ұйымын басқарудың алқалы органдарының жұмысына қатысуға;
 - 12) үш жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыруға;

- 13) үздіксіз кәсіптік дамуга және біліктілікті арттыру нысандарын таңдауға;
- 14) біліктілік санатының мерзімінен бұрын берілуіне;
- 15) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке педагогтік қызметке;
- 16) кәсіптік қызметіндегі табыстары үшін көтермеленуге;
- 17) "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруға;
- 18) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен және шарттарда кәсіптік дағдыларын сақтап-тұру және арттыру үшін "Болашақ" халықаралық стипендиясы бойынша тағылымдамадан өтуге;
- 19) өзіне қатысты қабылданатын ұйым басшысының актілеріне, әрекеттеріне және шешімдеріне жоғары тұрған лауазымды адамдарға немесе сотқа шағым жасауға;
- 20) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан ар-намысы мен қадір-қасиетіне құрмет көрсетілуіне құқығы;
- 21) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтары бар.

II мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңесінің төрайымы Секуова А.Т. сез сөйлемі

- Мектепке дейінгі ұйымдағы педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау бойынша құрылған Кеңес өз қызметін ҚР-ның «білім туралы», «Мұғалімнің мәртебесі туралы» заңдарына, осы ережеге, басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділеттілік, этика, қоғамдық пікір мен ашықтықты ескеруі тиіс. Жеке және заңды тұлғалар мұғалімдердің педагогикалық этиканы сақтауына қатысты білім беру ұйымының Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесіне жүргіне алады.

Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау мәселесін қарастыру кезінде мұғалімнің құқықтары қарастырылып отырған мәселе туралы жазбаша ақпарат алу; қарастырылып отырған мәселе бойынша барлық материалдарымен танысу; өз құқықтары мен заңды мұдделерін заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен жеке өзі немесе ҚР-ның заңнамасында белгіленген тәртіппен өкіл арқылы қорғау құқықтарына ие.

Кеңес шешімі:

- 1) Педагогтардың құқықтары кез келген жағдайда қарастырылсын
- 2) Мектептегі педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілсін

Кеңес төрайымы:  Секуова А.Т.

Хатшы:  Шайхудинова А.С.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының №4 хаттамасы

18 сәуір 2024 жыл

Қатысқандар: педагогикалық әдеп кеңесінің мүшелері

Күн тәртібінде

- 1) Өзінді – өзің тәрбиелеу жолдары. Жауапты: педагогикалық әдеп кеңесінің төрайымы Секуова А.Т.
- 2) Педагогтардың әлеуметтік желіде, қоғамдық орындардағы этикалық талаптары. Жауапты: педагогикалық әдеп кеңесінің төрайымы Секуова А.Т.

I мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңесінің төрайымы Секуова А.Т. сөз сөйледі.

-Педагогикалық әдептің негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

1) адалдық:

педагогтің адалдығы олардың оқыту мен тәрбиелеу нәтижесіне, өз қызметіндегі түзетулерді жүзеге асыра білуіне, сынға және рефлексияға қабілетін дамытуға, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының (занды өкілдерінің), әріптестерінің кез келген пікірі үшін ашықтығына жауапкершілігін білдіреді;

2) әділдік:

педагогтің әділдігі оның бағалау қызметінің ашықтығын, олардың құрған білім беру ортасының айқындылығын білдіреді. Әділдік педагогке білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының (занды өкілдерінің), әріптестерінің құқығын бұзуға тыйым салады;

3) жеке тұлғаның абыройын және қадір-қасиетін құрметтеу:

педагог өзінің кәсіби назарындағы объектілер болып табылатын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының (занды өкілдерінің), адамдардың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді, олармен қарым-қатынас жасауда әдепті болады. Ол баланың дамуын шынымен қалап, оған әрқашан көмектесуге дайын екендігін білдіріп, білім алушы мен тәрбиеленушінің жеке басының өсуіне ықпал ету мақсатында білім алушының жетістіктерін (жетіспеушілігін) бағалауда сипайылықты қамтамасыз етеді.

Білім беру процесінің қатысушыларына қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға жол бермейді;

4) патриотизм:

педагог өз Отаны - Қазақстан Республикасына, тарихына, дәстүрлеріне және тіліне адал және сүйіспеншілікпен қарайды. Қазақстан Республикасының мәдени және тарихи дәстүрлерін сақтайды, бұл қарым-қатынасты білім алушыларға береді.

5) жалпы адами құндылықтарды құрметтеу және төзімділік:

Педагог жалпы адами құндылықтардың басымдылығын мойындағы отырып, әрбір ұлт мәдениетінің ерекшелігіне, құндылығына және қадір-қасиетіне құрметпен қарайды.

Педагог ұлтаралық қатынастар мәдениетін тәрбиелейді, білім алушыларды жасына, жынысына, тіліне, ұлтына, діни көзқарасына,

азаматтығына, шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мұліктік жағдайына немесе өзге де кез келген жағдайларға қарамастан барлық ұлттар мен барлық адамдардың құқығы мен қадір-қасиетін құрметтеуге үйретеді;

Педагогтің толеранттылығы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге, олардың ата-аналарына (занды өкілдеріне) төзімділікті, олардың әлеуметтік, лауазымдық және мұліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, мәдениетке, нағым-сеніміне, туған жері иен түрғылықты жеріне төзімділікті, сондай-ақ жұмыста білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жетілмегенін түсіне және ескере білуді көздейді.

Педагог мектеп ұжымында сенім білдіру және құрметтеу ахуалын жасауға ықпал етеді;

6) кәсіби ынтымақтастық:

педагог кәсіптің беделі туралы ойлайды, әріптерінің абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді, мұғалімнің беделіне нұқсан келтіретін іс-әрекеттерге жол бермейді.

Қандай да бір нысанда өз әріптерінің сенімін теріс пайдалануға, олардың кәсіби міндеттерін атқаруына кедергі жасауға, оларға қандай да бір шығын келтіруге жол бермейді. Педагог өз әріптерінің теориялық және әдістемелік шеберлік деңгейін арттыруға, шығармашылық қабілетін дамытуға жәрдем көрсетеді, қын жағдайға тап болған әріптеріне көмекке келеді. Кәсіби ынтымақтастық жалғандық пен әділетсіздікті ақтауға қызмет етпейді;

7) ұздіксіз кәсіби даму:

педагог өзінің кәсіби шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін жетілдіреді.

II мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңесінің мүшесі, ардагер ұстаз Сақтағанова Р.Ж. сөз сөйлемді

- "Мұғалім әлеуметтік желіде өзін қалай ұстауы керек?". Ең алдымен, әлеуметтік желілерде профильді жүргізу мұғалімнен ақпараттық мәдениеттің жоғары деңгейін ғана емес, сонымен бірге өзін-өзі тануды да талап ететінін атап өткен жөн. Оқушы мектепте күнде көретін мұғалімнің бейнесі оның "виртуалды" бейнесіне сәйкес келуі маңызды. Өйткені, дұрыс атап өткендегі XVIII ғасырдағы неміс мұғалімі Адольф Дистервег "оқушы үшін ең жарқын үлгі — мұғалімнің өзі, ол - дараланған оқыту әдісі, тәрбие принципінің жүзеге асуы". Бұл ой әлі қүнге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ, өйткені бүгінгі күні де Интернет желісінде мұғалім балаларға жеке өмірін мақтан етпей, әлеуметтік желілердің кәсіби салада қалай пайдалануға болатынын үлгі ете алады. Мұғалімнің әлеуметтік желіге қатысуы одан мектептегідей жауапкершілікті талап етеді. Мұғалімнің мәдени тәрбиесі оның мінез-құлқында бұрынғысынша маңызды болып қала береді - қоғамдық орындарда балағат сөздерді қолдануға, күмәнді фотосуреттер мен жазбаларды жариялауға жол берілмейді. Сонымен қатар, бір тасталған сөз тіркесі қате немесе түсініксіз түсіндірілген болса, мұғалімнің беделіне күмән келтіруі мүмкін екенін әрқашан есте ұстаған жөн.

Сіз бен біз қоғамда өзімізді дұрыс ұстауымыз үшін мен өзіме белгілі бір жағымсыздықты тудырмаймын, күнделікті өмірде үш ережені есте сақтау және сақтау қажет:

- 1) Дәлдік ережелері - әдепті адам дәл болуы керек. Дәлдік жұмыста, оқуда, мектепке белгіленген мерзімге келгенде барлық нәрседе қажет;
 - 2) Нәзіктік ережесі – көмекті қабылдай білу, кеңес - өзінді бәрінен жақсымын және бәрін өзің істей аламын деп ойламау;
 - 3) Сыпайылық ережесі – сыпайы қарым-қатынас жасау, басқа біреудің үйінде өзін дұрыс ұстау, қонақжай және әдепті болу.
- Адамдар арасында өмір сүре білу, сыпайылықпен өзін-өзі ұстай білу, бірбірін сыйлау, аялау және қамқорлық жасай білу керек.

Кеңес шешімі:

- 1) Педагогтар өзін – өзі тәрбиелеу арқылы окушыларды тәрбиелеу
- 2) Педагогтардың әлеуметтік желіде, қоғамдық орындардағы этикалық талаптарды қатаң сақтау

Кеңес төрайымы:  Секуова А.Т.

Хатшы:  Шайххудинова А.С.